

ӘДІЛДІКТІҢ АҚ ТУЫН ӘУЕЛЕТКЕН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ГЕНЕРАЛЫНА АКАДЕМИЯДА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛДЫ

«Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашанда қарыздармыз».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев

Шығысым шежірелі, шырайлы өлкем дегендей киелі шығыс аймағынан небір данагөй жазушылар мен қаламдарының сиясы кеппеген ақындар, қоғам қайраткерлері шыққан. Олардың бірі, қазақтың тұңғыш ішкі қызмет генерал-лейтенанты, қоғам қайраткері, Қазақ КССР-інің екі мәрте ішкі істер министрі болған Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаев, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы №1287 қаулысымен «ҚР ІІМ Қостанай академиясы» мемлекеттік мекемесіне Шырақбек Қабылбаев есімі берілді. Оның өмірі мен қызметтік жолдары – болашақ ұрпаққа үлгі. Ол өз Отанына адал қызмет жасады, халқы оған сеніммен қарады. Осыған орай, Қазақстан милициясының тарихында қалған ұлы тұлғаға арналған ескерткіш ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ауласында бой көтерді. Ескерткіштің орналасқан жерінің өзінің тарихи зор мәні бар. Себебі, Ш.Қабылбаев ескерткіштің он жағында Қостанайдағы ең ірі көшелердің бірі қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев атындағы көше бой жазып жатса, сол жағында өзі негізін қалаған милиция мектебі – қазіргі академия орналасқан. Ескерткіштің негізін Қазақстанның құрметті сәулеткерлері: А.Исабаев пен М.Байтеновтер қалады.

Салтанатты рәсімге «Генералдар кеңесі» РҚБ Президиумының төрағасы, әділет генерал-майоры, профессор, академик Рүстем Есімханұлы Қайдаров, Қазақстан Республикасы ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы, әділет генерал-майоры Бауыржан Маратұлы Бердалин, Қостанай облысы әкімінің орынбасары Мұрат Аманкелдіұлы Дәрібаев, Тәжікстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі, ішкі қызмет генерал – майоры Джумахон Футурович Футуров, Шырақбек Қабылбаевтың Алматы және Семей қалаларынан келген ағайын-туыстары, құқық қорғау органдарының басшылары, Академия ардагерлері, Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орындарының бастықтары, Қостанай қаласындағы оқу орындарының ректорлары шақырылды.

Рүстем Қайдаров, «Генералдар кеңесі» РҚБ Президиумының төрағасы, профессор, академик, әділет генерал – майоры:

-Шырақбек Қабылбайұлы 1908 жылы 9 наурызда Семей губерниясы Қарқаралы уезі Абыралының №3 ауылында дүниеге келген.

Ішкі қызмет генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбайұлы 1954 жылдың тамыз айынан бастап, 1959 жылдың желтоқсан айына дейін, 1967 жылдың сәуір айынан бастап 1973 жылдың қарашасына дейін екі рет Қазақ КСР Ішкі істер министрі лауазымына тағайындалды.

Ш.Қабылбаев төртінші, бесінші және сегізінші шақырылымында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды, бірнеше мәрте Қазақстан КП ОК-не мүше болып, Ленин және екі мәрте Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және басқа да бірнеше медальдармен марапатталып, 1973 жылы одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер ретінде құрметті демалысқа шығады.

КСРО Ішкі істер министрі Н.Щелоковтың бұйрығымен елде заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту саласына сіңірген елеулі еңбегі үшін оның есімі КСРО ІІМ Құрмет кітабына енгізілді. Қостанай академиясы өзіндік орны бар ведомстволық оқу орындарының бірі десек, академиядан Ақтөбе Мемлекеттік заң институты бөлініп шыққанына айта кеткеніміз орынды. Осыған орай, жуырда Ақтөбе қаласындағы заң институтында да Ш.Қабылбаевқа арнап мемориалды ескерткіш орнатылды.

Биылғы бітірушілер 16-шы түлектер екен. Жаңа өмірге қадам басқан жас полиция лейтенанттары әрдайым қырағы, талғампаз, табанды болып, Отан алдындағы жауапкершілікті естен шығармауы керек. Жас ұрпақ аға буынның істерін алға жалғастыра отырып, олардың аяқталмаған істерін аяғына дейін жеткізеді, жұмыстарын жақсы атқарады деп сене отырып, сәттілік тілеймін.

Бауыржан Бердалин, ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы, әділет генерал-майоры:

-1971 жылғы 1 қарашада Қостанай қаласында кіші және орташа басшылық құрамын дайындайтын облысаралық мектеп ашылып, оның базасында республикадағы ішкі істер органдары мен қылмыстық-атқару жүйесі үшін кадрларды даярлайтын қазіргі жоғарғы оқу орны –ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы деңгейіне көтерілді. Көрнекті мемлекет қайраткерінің есімі берілген академияда әскери тәлім-тәрбиемен шыңдалып жатқан жас офицерлерге Шырақбек Қабылбаевтың ел үшін атқарған ерен еңбегі мен ғибратты өмір жолы үлкен өнеге мен тәжірибе болатынына кәміл сенемін. Құрметті академия тыңдаушылары және түлектері, қазіргі тыңда, сіздерді ұрандарыңыз «МІНДЕТ, АБЫРОЙ, ЕРЛІК!» болуы тиіс. Қазақстан Республикасына адал қызмет етіп, Отан алдында берген анттарыңыздан таймай адал қызмет ететін азамат болып өседі деп үміттенеміз!

Джумахон Футтуров, Тәжікстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі, ішкі қызмет генерал-майоры:

Ең алдымен, өз ризашылығымды басшылыққа және профессорлық-оқытушылар құрамына білдіремін. Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының халқы арасында әрқашан достық пен ынтымақтастық басты орын алады. 2008 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін жеті жыл шамасында біздің жазаларды орындау саласындағы кешегі тыңдаушы бүгінгі қызметкерімізге, Сіздерді білікті кәсіби профессорлық-оқытушылар құрамы білім беріп, тәрбиелеп келеді. Сіздерден білім алып келген қызметкерлеріміз қызмет атқару барысында өздерін жан-жақты білімді екендігін көрсетіп, адал қызмет атқарып

жатыр. Қазір қызметкерлер тек қана педагог емес, сонымен қатар психолог болуы тиіс, олардың мақсаты ішкі істер органының қызметкеріне сай қызмет атқару, яғни нормативтік-құқықтық актілерді қызмет барысында ұтымды қолданып, заңдылықты сақтап, қылмыстық ортамен күресу болып табылады.

Ғалым Исабаев, Шырақбек Қабылбаевтың жиені, Қазақстанның құрметті сәулеткері:

-Кезінде Ш.Қабылбаевтың бастамасы бойынша Қазақстанның ІІМ ведомстволық оқу орындары құрылды десек, бүгінгі қуанышты іс-шараның ашылуына орай, барлық ағайын-туыстардың атынан Қостанай академиясының мұражайына домбыра тарту етеміз. Сонымен қатар, Ішкі істер министрлігіне, Қостанай облысының әкімдігіне, Қостанай облысының ішкі істер департаменті басшылығына, Академия бастығы М.Қызыловқа жеке алғысымды білдіріп, жұмыстарына жеміс пен табыс тілейміз.

Мирлан Қызылов, ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы, з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі:

- Кеңес тұсындағы мемлекеттік құрылымын ішкі істер саласында даму кезеңдері Шырақбек Қабылбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елдегі заңдылық пен құқықты нығайту жолында аянбай қызмет еткен оның есімі тарихта әділдіктің ақ туын биікке көтерген, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде қалды. Ол бұл іске бар күш-жігерін, жинақтаған кәсіби тәжірибесін арнады. Шырақбек Қабылбаев: «Ең алдымен, құқық қорғаушы өзіне лайықты деңгейге көтерілуі керек», - деп санады. Әділеттілік патшалығы, бірінші кезекте, адамның ішкі жан-дүниесінде қалыптасуы қажет.

Республиканың Ішкі істер министрлігінің ең беделді басшыларының бірі болған – Шырақбек Қабылбаев айналасындағылар оған күмәнсіз сенетін. Болашақ тәртіп сақшыларының санасына «Туған жеріңді қастерле, оның отына күй» деген ұғымды сіңіріп, әр азаматтың туған жерін көздің қарашығындай сақтай білуге тиіс екендігін түсіндіру біздің парызымыз. Ұрпаққа үлгілі із қалдырған, Отана мен ел мүддесін қорғай білген, генералдың есімімен аталатын білім ордасының абыройын асқақтата отырып, өнегелі ісімізді жүзеге асыру керек.

Елбасының «Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажы-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек, яғни Елімізге бойына ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егеменді елімізге аянбай қызмет ететін, ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты азаматтар қажет» деген сөзі ойға оралады. Бүгінгі ашылып отырған ескерткіш академия тыңдаушыларына, өскелең ұрпаққа күш жігер, қажымас қайрат береді деген ойдамын. Болашақ офицерлер Шырақбек Қабылбаевқа қарап түзеп, жарқын өмірге нық қадам басады деп ойлаймын.

Ескерткіштің ашылу рәсімін Рүстем Қайдаров, Бауыржан Бердалин, Мұрат Дәрібаев, Ғалым Исабаев және Мирлан Қызыловтар атқарды. Содан кейін, Шырақбек Қабылбаевты еске алу бір минут үнсіздіктен кейін, ескерткішке гүл шоқтары қойылып, мұражайды ашу рәсімі басталды. Баршамызға мәлім, мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде

маңызды рөл атқарады. Ол өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді. Мұражайды ашу құрметі ҚР ІІМ ҚАЖ комитеті төрағасы, әділет генерал-майоры Бауыржан Бердалинге және Қостанай облысы ІІД бастығы, полиция генерал-майоры Тілеген Маткеновке берілді. Оқу ордасы басшылығының табанды еңбегінің арқасында жасалған, балалық шағынан бастап ерен еңбек еткен жылдарымен тарихи деректерге толы тамаша стендтер барша жұртты таңқалдырды.

Қазақстан Республикасы ІІМ ҚАЖ комитеті төрағасы, әділет генерал-майоры Бауыржан Бердалин Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызыловқа академияның туын табыс етті. Өз кезегінде полиция полковнигі Мирлан Қызылов: «Ту-мемлекеттің абыройы мен беделі. Академияның туын қастерлі аманат ретінде қабылдай отырып, бізге артқан сенімдеріңізді ақтауға, мемлекетімізді гүлдендіруге, Академияның мәртебесін биікке көтеруге өз үлесімді қосамын», - деді.

Сондай-ақ, Қостанай академиясының қабырғасында Академияны бітіруші биылғы түлектеріне диплом тапсырылып, алғашқы арнаулы «полиция лейтенанты» атақтары берілді. Оқу ордасында төрт жыл бойы білім нәрін алып, ішкі істер органының қызметкері ретінде танылып, ендігі жолда оқу ордасында иеленген жан-жақты білімдерін қызмет бабында шебер қолданатын түлектерге құрметті қонақтар сәттілік тіледі.

М.Ақанова,
Тілші,
Қостанай қаласы